

ӘОЖ-327

**ҮНДІСТАН-ПӘКІСТАН КАШМИР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ  
ҚАУІПСІЗДІК МҮДДЕЛЕРІ**

**Мейрбек Диана Бауыржанқызы**  
[dianaameirbekova@mail.ru](mailto:dianaameirbekova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің  
Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,

**Кіріспе.** XX ғасырда әлемдік тарихта айтарлықтай халықаралық проблемалар және мемлекетаралық қақтығыстар орын алды, олардың бірқатары бүгінге дейін шешімін таппады. Алайда ұзақтығы жағынан, қиян-кескілігі жағынан және де қазірге дейін қауіп әлеуетінің жоғарылығы жағынан Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир мәселесін ерекше атап өткен жөн. Екі тарапта да ядролық қарудың бар болуы мәселені әлемдік деңгейге шығарды. Қазірде Пәкістанда және Үндістанда екі елдің жақындасу идеясы ерекше мәнге ие болып отыр. Кейбір мамандардың айтуы бойынша, бұл мәселенің себебі болған Кашмир шиеленісінің өз шешімін табуы мүмкін болған келіссөздердің жүрізілуінің бастамасы.

Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыстар

Үндістанға егемендік берілген соң, үнді үкіметі Кашмирді британ отарлаушы әкімшілігі үнді махараджаларына ресми түрде сатқан деп бұл өлкені өз меншігі деп жарияламаққа шешім шығарады. Алайда, Үндістанмен дерлік бір уақытта тәуелсіздік алған Пәкістан, Кашмир тұрғындарының көп бөлігі мұсылмандар болғанына негізделіп, оны өзіне тиесілі болу керек деп есептеді. Шынында да, осы кезде Кашмирде халықтың 77%-ы мұсылмандар болатын, бірақ басшысы махараджа Хари Сингх болды және өзге жоғары лауазымдағылар да үндістандықтар еді. Кашмир махараджасы Үндістанға қосылу туралы ресми шешім қабылдайды. Осының негізінде тәуелсіздік алғандарына бір ай болар болмастай екі ел арасында қарулы қақтығыс өрті орын алды. Бірінші Кашмир соғысы 1947 жылдың қыркүйек айынан 1948 жылдың соңына дейін жалғасты. 1949 жылы 1 қаңтарда соғыс қимылдары тоқтатылды. Соғыс нәтижесінде келісім орнап, оның негізінде Кашмирдің 60%-ы Үндістанға, ал қалған бөлігі Пәкістанға өтті. Ал тамыз айында БҰҰ шешімімен аумақта уақытша демаркациялық сызық жүргізілді [1].

1954 жылы жиналыста Кашмирдің үнді бөлігінен сайланған өкілдері, Үндістан құрамына белгілі бір автономияға ие штат ретінде ғана қосылу туралы шешім қабылдады. Осылайша, Үндістан Конституциясының 370-бабына сәйкес, үнді парламентімен қабылданған қорғанысқа және сыртқы саясатқа байланысты жарлықтардан басқа бір де бір заң штат парламентінің келісімінсіз бұл өңірде ешқандай күшке ие бола алмайды. Штатта 10 миллионға жуық адам 222 мың шаршы шақырым болған территорияда өмір сүріп келуде [2].

Діни себептерге байланысты халықтың көпшілігі Пәкістанға өтуді қалап, штатта сепаратистік қимылдар көптеп орын алады. Үндістандық ғалымдардың мәліметтеріне сүйенсек, штатта халықтың 67%-ы мұсылман, 30%-ы индуист, 2%-ы сикх, және 1%-ға жуығы буддистер болып келеді. Үндістан заңды түрде мәселені шешілген деп есептейді және қорытынды іс-шаралар территорияның қалған бөлігін Пәкістан әскерлері мен үкіметінен азат етуден тұрады деп отыр, алайда Пәкістан мәселенің мұндай шешімімен тіптен келіспеді.

**Кашмирдің пәкістандық бөлігіне келетін болсақ, ол бірнеше әкімшілік аумақтарға бөлінген.**

Пәкістан Кашмирінің бір бөлігі әлемдегі мемлекеттер ішінде Пәкістаннан басқа ешбірі мойындамаған тәуелсіз мемлекет ретінде жарияланып, Азад Кашмир (Азат Кашмир) деген атқа ие. Территориясы 13 мың шаршы шақырым, халық саны 4,5 миллион адам. Экономикалық және саяси жағынан Пәкістанмен тығыз байланысты, оның бір бөлігі, алайда мойындалмаған мемлекет атрибуттарына толық ие. 1970 жылы Пәкістанда Гиллит-Балтистан әкімшілік облысы ұйымдастырылды. Бұл облыс 73 мың шаршы шақырым территорияда бір миллионға жуық халыққа ие. Бұл өлкенің біршама бөлігі 70-жылдары Қытайға өтіп кетті. Бұл территорияның ресми мәртебесі – «Кашмирдің Пәкістандық территориясы». Бұл атау да Пәкістанның аймақтық мүддесін айқындайды.

Пәкістан үнді штаттары Джамму мен Кашмирдің легитимділігін мойындамай, бұл территорияны «Үндістан оккупациясындағы Кашмир» деп атайды. Қазіргі кезеңде

Кашмирдегі жағдай біршама өзгерген. Ол шиеленіске үшінші жақтың араласуымен, яғни Үнді-Қытай соғысы барысында үнді Кашмирі территориясы болған, аумағы 42 шаршы шақырым Аксай-чинның (Жалпы Кашмирдің 20%) Қытай территориясына өтуі де мәселені шиеленістірді. Бұл облысты Үндістан да Пәкістан да мойындамайды. Осылайша, қазіргі таңда Кашмир территориясы үш мемлекет, яғни Үндістан, Пәкістан және Қытай арасында бөліп алынған.

Кашмирдің бөлінісі уақытша құбылыс болып, БҰҰ резолюцияларына сәйкес князьдікте бүкіл Кашмирдің қай мемлекет құрамына енуін шешіп беретін плебисцит өткізуге тиіс болатын. Пәкістан әлі күнге дейін бұл мәселені шешудің жалғыз жолы деп біледі. Үндістан бір кездері бұл ұсынысқа келісім берген болатын, алайда кейін Пәкістанның АҚШ-пен әскери одақ құруына байланысты бұл шешімін өзгертті. Қазіргі кезде Кашмирге байланысты барлық келісім процестері өз шешімін таба алмай келуде.

Оған Пәкістан үкіметінің қаржылай көмегі негізінде құрылған «Сенім үшін күресушілер қозғалысы», «Мұхаммед Армиясы» сияқты әскери қауымдастықтарының Кашмирдің үнді бөлігіндегі қимылдары негіз болып отыр. Заманауи зерттеушілер Кашмир мәселесін әлемнің ең үлкен территориялық мәселелерінің бірі ретінде қарастырады және оның жақын арада шешіле қоймайтындығын айтады. Жоғарыда айтып өткендей, Үндістан мен Пәкістан арасында көбінесе Кашмир мәселесіне байланысты бірнеше қарулы қақтығыстар туындаған, олар бірнеше онжылдықтар барысында аймақтағы тұрақсыздықтың негізгі себебі болды.

Тараптардың арасындағы бұл соғыстың аяқталуынан кейін «суық соғысы» жағдайы шартты түрде «ыстық» ерекше сарынға ауыса бастады. Соңғы мысалдардың бірі – Каргиль қақтығысы – Кашмирдегі екі тараппен де ресми мойындалмаған Үндістан және Пәкістанның шекаралық қақтығысы. Соғыста ешбір тарап жеңіске жете алған жоқ, алайда Пәкістан үшін ерекше аяқталды, соғыстан кейін әлемдік қауымдастық Пәкістанды соғыстың террористік әдістерін қолдануда айыптады. Соңғы қақтығыс естен кетпестей болды және бұл атом қаруы қолданылуы мүмкін болған бірінші аймақтық дау болатын, себебі 1999 жылы Пәкістанда да, Үндістанда да ядролық қару бар болатын.

Соғыс басталғанда Үндістанда ірі ереуілдердің ұлғаюы бүгінгі күні өзіндік ізін қалдырып отыр. Азық-түлік бағалары 10 есе қымбаттап кетті. Ашаршылықтан 5-6 млн адам қырылып қалды. Ағылшындардың қысымы тұрмыстың нашарлауы мен саяси ұйымдардың араздасуы ереуілдердің бәсеңдеуіне әкеп соқты. Сонда да ағылшындар билігі төмендей берді. Беделден жұрдай болған Линлитгоу орнына жаңа вице-король А. Уэйвелл тағайындалды. Ағылшындардың араласуымен М.К. Ганди мен М. Жинанның пікір алмасуы 1944 жылы өтті.

Онда МЛ жетекшісі тәуелсіздік мәселесін қарастыру алдында жеке Пәкістан мемлекетін құру туралы уағдаласуды жоспарлады. Конгресс партиясы оны тәуелсіздікке жеткен плебесцит арқылы реттеу керек деген пікірде болды. Екі саяси күш келіссөздері 1945 жылы көктемде мынадай келісіммен аяқталды: Уақытша үкімет құрамында әр партия 40 % орынды иеленеді, қалған 20 % орын кесапаттыларға, христиндарға, парсыларға, сингтерге тиесілі болды. Ал елді екіге бөлу туралы мәселені қарастыру Үндістанның саяси мәртебесін реттеген соң кейінге қалдырылды.

1947 жылы үздіксіз қанды қақтығыстардан соң британдық Үндістан екі тәуелсіз доминионға – Үнді одағы (индуистер) мен Пәкістанға (мұсылмандар) бөлінді. Тәуелсіз Үндістанның бірінші премьер-министрі болып Үнді ұлттық конгресі партиясының өкілі Джавахарлал Неру сайланды. 1950 жылы Үнді одағынсыз Үндістан Британ достастығы құрамындағы Үндістан Республикасына айналды. 1962 жылы Қытаймен шекара жөнінде қысқа мерзімдік соғыс болып, Үндістан жеңіліс тапты. 1965 жылы Үндістан Пәкістанмен соғыста Кашмирді өзіне қалдырды. 1966 жылы сайлауда премьер-министр болып Дж. Нерудың қызы Индира Ганди сайланды. 1971 жылғы соғыста Үндістан Пәкістанды жеңіп, Шығыс Пәкістанға тәуелсіздік алуға көмектесті. Шығыс Пәкістан өз атауын Бангладеш деп өзгертті. 1984 жылы үкімет әскерлері Амритсардағы Алтын храмды сикх күштерінен тазартты.

Көп ұзамай қаза тапты. Оған өштескен сикх оққағары көп ұзамай Гандиді атып өлтірді. Премьер-министр болып Гандидің ұлы Раджив Ганди тағайындалды. Ол да 1991 жылы сайлау науқаны кезінде адам өлтірушілердің қолынан қаза тапты.

1998 жылы Үндістан бес жер асты ядролық сынағын өткізді. Бұл дүниежүзіндегі бейбітшілік күштерінің наразылығын тудырды. 1999 жылы Үндістан ядролық сынақтарды тоқтату жөніндегі жан-жақты келісімге қол қоюға уәде берді. Кашмир жөнінде бейбіт келіссөздер өткізуге Пәкістан үкіметіне ұсыныс жасалды.

Үндістан мен Пәкістан арасындағы ядролық бақталастықтың жалғасуы  
Биполярлық жүйенің құлауымен, Үндістан  
өзінің ядролық бағдарламасын жандандыра түсті. Оған себеп болған, біріншіден, Үндістанның геосаяси мүдделері және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін құрайтын «ядролық клуб» мүшелігіне кіруге талпынысы. Үндістан әлемдік держава мәртебесіне қуатты ядролық қаруға ие болып және «ядролық клубқа» мүше болу арқылы немесе ядролық қаруды мүлде жою арқылы ғана жетуге болады деп қарастырды.

Өзінің нақты саяси қызметінде ол бұл екі жолды қатар ұстануды жөн көрді, яғни әлемді тез арада ядролық қарудан тазарту жөніндегі ұсыныстарды қолдаумен қатар, оның іс жүзінде жүзеге асуына атүсті қарады. Осылай алғашында ол ядролық қарудың тез арада жойылуын қамтамасыз етеді деген үмітпен ЯҚТШ-на қолдау көрсетіп, кейін бұл Шарттың тек ядролық «бестік» мүдделерін қорғайтындығына көзі жеткен соң Шартты толық жоққа шығарып оны «ядролық апартеид» деп қарастыруды жөн көрді. 1996 жылы қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясы отырысында Дели бұл Келісімге өзінің қарсылығын білдірді. Бұл қарсылықты білдіру арқылы Дели өз ядролық жарылыстарын жүргізуде еркін таңдауға ие бола алды. Тағы атап өтетін бір фактор, ядролық Қытай мен ядролық Пәкістан. 1998 жылдың 26-27 мамырда жүргізілген сауалнама бойынша халықтың 80%-ы ядролық сынақ жүргізу туралы Үкімет шешімін қолдап, 65%-ы респонденттер ядролық сынақтардың елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтатындығын айтқан.

Бұл сынақтарға тағы бір себеп болған түрткі, Пәкістанмен арада сақталып қалған шиеленісті жағдай, Кашмир дауының шешімін таппауы. Бұл жағдайлар екі жақтың ортақ шекара сызығында кең көлемде баллистикалық ракеталар шоғырландандыруына итермеледі. Шекаралық аймақтарда әскери қақтығыстардың жиілеуі, Қашғардағы лаңкестік әрекеттердің жандануы, Пәкістанның орта қашықтықтағы ракеталар жасап шығаруы. Төртіншіден, Дели ядролық сынақтар өткізбес бұрын, ең басты себеп ретінде, «қытай факторын» анықтады. Үндістан дереу ядролық сынақтардан кейін Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесін (ҰҚК) құрды. Кеңестің басты мақсаты – халықаралық және аймақтық жағдайды зерттеу, болашақта болуы мүмкін саяси және әскери іс-қимылдарды болжау және оған сараптама жүргізу. Кеңестің тағы бір маңызды функциясы – азаматтық және әскери жетекшіліктің өзара әрекеттесуін нығайту.

Кахута қаласында уран өндіру зауытының құрылысы басталады, Франциямен бірлескен уранды қайта өңдеу бойынша зауыттың құрылысы туралы белсенді түрде келіссөздер жүргізіле бастады. Алайда «Ұлы державалар» Пәкістанға оның жоспарында көмектесуге ұмтылған жоқ. Жұмыс қарқыны біршама баяу жүрді және пәкістандық басқару бүкіл уақыт бойына өзін Үндістан «соққысы астында» сияқты сезінді. Екі елдің арасындағы қатынастар кернеулі болды, дегенмен ашық қарсыластыққа дейін жеткен жоқ.

Пәкістанның бірінші зеңбіректік плутонины тек қана 1995 жылда алынды. Атом қаруының сынаулары 1998 жылы 28-30 мамырда Чагай полигонында жүргізілді. Бұл жерде түрлі мәліметтерге қарағанда 3-тен 7-ге дейінгі аралығындағы жарылғыштарды сынақтан өткізді. Пәкістанның қазіргі кезде 65-120-ға жуық атом жарылғыштары бар, және бұл тұрғыда Үндістанмен теңдесе алады.

1998 жылдағы Пәкістандық сынақтар аймақтық қауіпсіздік үшін жаңа маңызды фактор болды. Пәкістан дерлік ғасыр ширегі бойы да үнді Кашмирына ие болуға ешбір шара қолданбады. Алайда 1999 жылы ядролық қару сынақтары өтіп-ақ шекаралық дау қайта өрбіді.

Сайып келгенде, аймақтағы басты қарсыластықтың негізгі мәселесі – жоғарыда қарастырылған «Кашмир мәселесі» болып, сонымен бірге екінші дүниежүзілік соғыстан

кейін Үндістанмен және Пәкістан арасындағы орын алған әскери даулардың саяси, экономикалық және мәдени зардаптары болып отырғандығын атап кету керек.

Қорытынды. Қазіргі таңда екі елдің де ядролық әлеуеттері тең дәрежеде. Екі ел де «ядролық қаруды таратпау туралы шартқа» қол қоймаған және бүгінде бұл саладағы өз зерттеулерін тоқтатпай отыр. Бұл аймақтық саясаттың мағыналы факторы болып табылады, Үндістан және Пәкістанның басқару жүйесінде, Ұлы державалардың (АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай және Франция) мемлекеттік басқару жүйесін үлгі етуі көзделеді.

Бұл елдердің ядролық қарусыздануы – халықаралық бірлестіктің басты мәселелерінің бірі. Қарусыздану онсыз да саяси мәселелері көп болған аймақтағы кернеулікті түсіруге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда екі ел өзара келісім орнатуға талпыныстар жасады, 2004 жылдың қаңтарында басталған бейбіт келісім нәтижесінде нақты нәтижелерге қол жеткізілді:

- Кашмирдің үнді және пәкістандық бөліктерін автобус жолы біріктірді;
- мемлекетаралық теміржол қатынасы жақсарды;
- сауда және мәдени салада ілгерілеу байқалды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Розалиев Ю. Н. Новая и новейшая история стран Азии и Африки. – М.: Высшая школа, – 351 с.
2. Новиков В.Е. Проблемы создания Индией ядерного потенциала // Ядерное распространение. Сб. документов и материалов. – М.: 2000, январь-март 2000, выпуск 34. – С.10-11.
3. Квок Б. Ядерные испытания в Индии и Пакистане // Международная жизнь. – 1998. – №8. – С. 36-40.
4. Соловьев В. В. Пакистане нет раскола // [http://www.ng.ru/world/2001-12-05/1\\_pakistan.html](http://www.ng.ru/world/2001-12-05/1_pakistan.html)
5. Орлов В.А. Контроль над ядерными вооружениями и военной деятельностью. – М.: ПИР-Центр, – Т.1. – 528 с.
6. Туник С. XXI век: ядерная угроза остается реальностью // Экспресс К – 2001. – 30 августа.
7. Нераспространение ядерного оружия: Сб. документов. – М.: Международные отношения, 1993. – 240 С.
8. Бакланов А. После ядерных взрывов в Индии и Пакистане: [о новой ситуации в вопросах нераспространения ядерного оружия после взрывов в Индии и Пакистане] // Международная жизнь. – 1998. – №7. – С. 21-29.
9. Набаев Б.Н. Особенности внешней политики Пакистана в отношении Индии и Афганистана на современном этапе // Аналитик 2003. – №1. – С.13.
10. Резолюция Совета безопасности ООН 1172 (1998). – 6 июня
11. [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B0%D1%88%D0%BC%D0%B8%D1%80\\_%D0%BC%D3%99%D1%81%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%81%D1%96](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B0%D1%88%D0%BC%D0%B8%D1%80_%D0%BC%D3%99%D1%81%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%81%D1%96)
12. <https://www.trt.net.tr/kazakh/aptalyk-analiz/2019/03/06/kashmir-bitpieghien-k-aig-y-1157996>